



Білім беру бағдарламасының паспорты

• 7M03105 –Аймақтану-Шығыстану

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Азия аймағындағы елдер туралы жан-жақты жүйеленген ақпарат қажет ететін ақпараттық, коммуникациялық, талдамалық және консультациялық қызметтер көрсетуге қабілетті аймақтанушыны кәсіби дайындау. Халықаралық қатынастар және мамандандырылған аймақ мемлекеттері мен шекаралас аймақ өкілдерімен ынтымақтастық саласындағы сарапшы.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

шет елдер мен аймақтар туралы жан-жақты жүйеленген ақпаратқа мұқтаж ұйымдар мен жеке тұлғаларға ақпараттық, коммуникациялық, талдамалық, консультациялық, білім беру және басқа қызметтерді ұсыну.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1- мамандандырылған аймақ тілінде және халықаралық қатынас тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынасты еркін жүзеге асыра алатын қабілеті бар, іскерлік және кәсіби деңгейде өз құзыреті шегінде аударма жұмысын орындайды;

ОН2 –тарихи, саяси, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, өркениеттік заңдылықтарды, факторларды, аймақтардың даму тенденцияларын халықаралық қатынастар жаһандық жүйесі эволюциясының негізгі кезеңдерімен байланыстыра алады;

ОН3-қазіргі әлемдегі интеграция және дезинтеграциялық процестерінің себептерін түсіндіріп, олардың шығу тегіне, ішкі қайшылықтарына, нақты және ықтимал салдарына жан-жақты талдау жасау; ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікке дәстүрлі және дәстүрлі емес қатерлердің әлеуметтік, экономикалық және саяси табиғатын талдай алады;

ОН4 -негізгі шығыс аймақтарындағы қақтығыстардың себептері мен тарихи динамикасын түсіндіру, оларды шешуге ғылыми негізделген ұсыныстар бере алады;

ОН5- практикалық және зерттеу қызметінде әлемнің шығыс аймақтарындағы халықтың менталитетін анықтайтын этномәдени, этноконфессиялық және этнопсихологиялық параметрлерді ескеру дағдысын меңгерген;

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН6 - Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының аймақтық бағыттарын талдау, оның жетістіктерін, проблемаларын және қазақ/орыс және шет тілдерінде өзгеріп отырған халықаралық қауымдастықтағы аймақтың келешегін бағалауға қабілетті;

ОН7- мультимедиялық ақпаратты синхронды қабылдау және құжаттану дағдыларын мамандандырылған аймақ тілінде/(тілдерінде) және халықаралық қатынас тілінде қолдана білу әдістерін меңгерген;

ОН8- шығыс аймақтарын кешенді пәнаралық зерттеудің негізгі әдістерін меңгеру, оларды белгілі- бір аймақтық немесе елдік жағдайда талдау және жаңа білімді синтездеу үшін қолдана білу, жалпылама қорытындылар мен бағалаулар жасай біледі;

ОН9- салыстырмалы талдау әдістері мен саяси талдаудың әдістерін меңгеру арқылы, мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтармен түсіндірілетін әлемнің елдері мен аймақтарының ұқсастықтары мен айырмашылығына дәлелді ғылыми түсінік бере алады;

ОН10- Шығыс аймақтарындағы саяси, экономикалық, демографиялық және басқа да әлеуметтік процестерді модельдеу, олардың дамуына ғылыми болжамдар жасай алады;